

Абдулкадир ЮВАЛЫ
(Түркістан)

ТҮРІК МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДӘСТҮРІ

Традиции Тюркского государства

Общие особенности тюркских государств, образованных в разные периоды истории при различных обстоятельствах, основали принципы тюркского государства. В связи с этим, для становления какого-либо государства в качестве тюркского его административное, военное, финансовое и политическое устройство должно соответствовать всем традициям тюркского государства.

Türk Devlet Geleneği

Tarih boyunca değişik zaman ve zeminlerde farklı adlarla kurulmuş olan Türk devletlerinin ortak faydası Türk devlet geleneği olmuştur. Bu yüzden tarihte kurulmuş olan bir devleti Türk devletleri arasında gösterebilmenin temel şartı, o devletin idari, askeri, mali, kültür ve siyasi yapısının Türk devlet geleneğine uygun olmasıdır.

Тарихи дәуірлерден күні бүгінге дейінгі кезеңдерде түрлі жағрапиялық аймақтарда тарих сахнасына шыққан Түрік мемлекеттері құрамындағы саяси ұйымдардың түрік сипатында танылуы үшін оларда “Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрінің” негіздері болуы керек. Бір мемлекетті түрік тарихы тұрғысынан қарастырғанда оның сипатын анықтайтын негізгі элемент “Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі” болуы қажет. Басқаша айтар болсақ, әлемнің қай жерінде және қай уақытта құрылса да, бір мемлекеттің “Түрік мемлекеті” ретінде танылуы үшін алдымен саяси, құрылымдардың басқару, қаржы, жарғы, әскери, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне баса назар аудару керек. Көне дәуірден күні бүгінге дейінгі уақыт аралығында түрлі географиялық аймақтарда 120-дан астам түрік мемлекеттері құрылған. Бұл мемлекеттердің басын біріктірген және оларға түріктік сипат берген негізгі фактор “Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі” болып табылады.

Мысырда құрылған Мәмлүк Түрік мемлекетін Үндістанда құрылған Бабыр Түрік мемлекетіне, Түркістандағы Шайбани мемлекетіне және оларды Селжүк, Көктүрік мемлекеттеріне жақындастыратын байланыстарды қарастыратын болсақ, Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі ретінде танылған құндылықтарды кездестіреміз. Қазіргі түрік мемлекеттері мен түрік қауымдастықтарының ортақ бағыты да осы—“Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі”. Аталмыш Түрік мемлекеттері мен қауымдастықтарын әлеуметтік-мәдени, әскери, қаржылық және басқару, әсіресе ұлттық мәдениет тұрғысынан қарастырғанда, Түрік дүниесі ұғымы пайда болады. Осы құндылықтардың жеке мемлекеттер мен қауымдастықтар тұрғысынан қарастыруды әрі ғылыми-зерттеу жұмысы, әрі ұлттық міндетіміз деп ойлаймыз. Тарихтағы түрік мемлекеттерінің құрылуы және олардың ыдырауын көптеген факторлармен түсіндіруге болады.

Бірақ, осы құрылу мен ыдыраудың себептерін анықтау мақсатында түріктердің әлеуметтік құрылымына қысқаша тоқталып өткіміз келеді. Әсіресе, Түркістан Еділ-олар Қара теңіздің солтүстігінде пайда болған түрік

мемлекеттерінің құрылуы және ыдырауы түріктердің әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты. Түрлі себептерге байланысты саяси күшін жоғалтқан түрік мемлекетінен кейін басқа бір түрік мемлекеті немесе мемлекеттері тарих сахнасына шыққан. Басқаша айтқанда, саяси күшін жоғалтқан этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалар орнына дәл сондай шарттармен басқа бір этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалардың пайда болған. Өйткені түрік мемлекеттерінде этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалардың ауысу процесі кезінде мемлекеттің негізгі қағидалары яғни, түрік мемлекетінің құрылымдық дәстүрі жалғасын тапқан. Мысалы, Селжүк мемлекетін Оғыз қауымының Қынық тайпасынан шыққан Селжүкоғулары жанұясы құрған. Бұл мемлекет ыдырағаннан кейін Осман мемлекетін дәл осындай жолмен Оғыз қауымының Кайы тайпасынан шыққан Османоғулары жанұясы құрған. Мұнда құрушы тайпалар мен жанұялардың әр түрлі болғанына қарамастан, мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі сол калпында уақыт пен мерзімге қатысты өзгерістерге ұшырамай негізгі құндылықтар Селжүктерден Османдықтарға өтіп жалғасын отырған.

Тарихтағы түрік мемлекеттерінің тағы бір ерекшелігі “әлемдік мемлекет” құру түсінігінің болуында. Өйткені, әлемдік /универсалды/ мемлекет түсінігінде түрік мемлекеттерінің билік жүргізу шешім әлемдік билік ұғымы арқылы түсіндіруге болады. Оғыз Қаған дастанында “Шатырымыз көк жүзі, туымыз күн” деген сөз әлемдік мемлекет ұғымын айқын түрде түсіндіреді. Түрік мемлекеті ұғымын ең дұрыс жолмен түсіндіретін бұл анықтаманы тағы да біраз тереңдетіп айтар болсақ, түрік мемлекеттері идеал ретінде әлемді билеу жолында басын алған барлық жерлердегі халықтарға діни, мәдени, экономика және әлеуметтік құқық берген. Осылайша, өздері өмір сүрген аймақты өз отанымыз деп есептеді және бірге өмір сүрген қауымдарды өз ұлтынан бөліп қарамады. Осылайша әлемдік мемлекет түсінігінде жаулап алынған барлық жерлерді жатсынбай, ол жерлерді де өз отанымыз деп санаған. Батыс елдеріндегі отаршыл қауымдар адамдардың түр-түсіне, тіліне, сеніміне және мәдениетіне мән бермеген. Бұл тұрғыдан қарағанда, әлемдік мемлекет ұғымы “империялық” ұғымнан мүлдем бөлек. Түрік тарихын түсіну үшін түрік мемлекетінің құрылымын қалай білсек, түрік қауымының да осы мәселеге байланысты пікірлері мен ойларын біліп, түсіну керек. Жанұядан басталған бұл көзқарастың жалғасы ұлы түрік қауымдарына дейін кеңінен таралған. Түрік тілінде сөйлейтін және дәстүрлері ортақ түріктер тарихта көптеген мемлекеттер құрған. Түрік қауымына тән дәстүрлер /“Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі”/ мен ой-пікірлер әрбір құрылған жаңа мемлекетте жойылып кетпей, қайта жанданып отырған. Бірақ, мына мәселені көзден таса қалдырмау керек. Түрік мемлекеттері құрылған географиялық аймақтардағы діндер, пайда болған ой-пікірлер және өмір сүру салттарының кейбір өзгерістерге ұшырауы салдарынан түрік мемлекеттері арасында да айырмашылықтар бар. Бірақ түрік мемлекеттерінде өзгермейтін кейбір құндылықтардың болғандығын айта аламыз. Осы мемлекеттік құндылықтар (мемлекет көзқарас) жер астында қолайлы ауа-райын күтіп жатқан тұқым сияқты уақыты келгенде қайта жанданады.

Ғасырлар бойы әр түрлі географиялық аймақтарда өмір сүрулеріне және түрлі діндерді (буддизм, манихейзм, христиандық, мұсылмандық)

қабылдауларына қарамастан, 1250 жылдық тарихы бар мемлекеттік ұғымына байланысты түрікше тұрақты сөз тіркестері бүгін де қолданылуда және мағыналары көп өзгерістерге ұшырамаған. бұл жағдай түріктердің мықты бір көзқарасының болғандығын көрсетеді. Бүгінде тарихи дәуірлердегі түрік мемлекеттерінің жойылып кеткендігіне көп уақыт өтті, бірақ олардан қалған қағидалар мен көзқарастар күнделікті тіршілікте қолданылуда. Ғұндарда, Көктүріктерде, Селжүк және Османлы мемлекеттерінде де осындай еді. Кеңес Одағы құрылымының өзгеруі нәтижесінде бес Түрік Республикаларының бір уақытта құрылуын да бір қарағанда осы көзқарас бойынша түсіндіруге болады.

Осман мемлекетінен бастап, тарихта империялық сипатта танылған түрік мемлекеттері әлемдегі, әсіресе, Батыс өлкелеріндегі империялармен салыстырғанда терминологиялық қателіктің жіберілгендігі байқалады. Ғұн, Көктүрік, Селжүк, Бабыр, Темір және Осман мемлекеттері өмір сүрген кезеңдегі жағдайлар назарға алына отырып, күш-қуаты мен билігі негізінде осы сипаттама қолданылған. Бірақ Қытай, Рим, Византия, Англия, Ресей, Кеңес Одағы және т.б. империялардың басқару түрлері, өз биліктерінен жерлерге және тұрғылықты халыққа деген көзқарастары, жүргізген саясаттары зерттелгенде түрік мемлекеттерінде кеңінен таралған «әлемдік мемлекет» көзқарасымен үйлеспейтіндігі байқалады.

Тарихтағы түрік мемлекеттерінде «империя» сипатының берілуі терминологиялық қателік екендігіне мысал келтірер болсақ, мәселеге қатыстылығы тұрғысынан, әуелі Осман мемлекетінің өзіндік ұлттық қайнар көзі болып табылатын жылнамалар, Осман мемлекетіне қатысты ішкі және сыртқы хат жазысулар мен басқа да архив мәліметтерінде «империя» сөзі кездеспейді.

Батыс елдерінің Осман мемлекеті үшін қолданған /Lempire Ottoman/ бұл сипаттамалары біз үшін жеткіліксіз әрі бұрыс термин.

Батыс елдеріндегі отаршылдықты нақты анықтайтын “империяға” мысал ретінде “Рим империясын” алатын болсақ, алғашқы ғасырларда Рим үшін “барлық жолдар Римнен өтеді” деген сөз сол кездегі әлемдегі барша байлықтың көзі, адамдардың еңбегі Римге бағытталғандығының дәлелі. Римдіктер түрлі құқықтарға ие, азат адамдар, ал басқа адамдарға ешқандай құқық берілмей, олар құл есебінде санлағна. Яғни, Рим империясы үшін өз отаны Рим мен бірге өзге отандары да бар. Негізгі ұлт римдіктермен қатар өзін және өмірін Римге борыштар санайтын құлдық қоғамдар бер еді. Бұл түсініктің Византия, Ағылшын және Герман империялары мен басқа да осы секілді империялар үшін қолданылатындығын айтуға болады.

Ал Осман мемлекетінде болса, негізгі отан, өзге отан болмағандығы секілді негізгі ұлт, өзге ұлт та болмаған. 600 жылдық Осман мемлекеті өз өмірінде қол астындағы Балқан, Кавказ және Таяу Шығыстағы байлық көздерін Анадолыға әкелінгендігі жайлы ешқандай мәлімет кездеспейді. Аталмыш өлкелерде өмір сүрген османдықтардың Анадолыдағы халықтарын ешқандай айырмашылығы болмаған. Кейбір нақты шаралардың да негізгі ой мен түсінікке әсер етпейтіндігі ақиқат. Басқаша айтар болсақ, Анадолыдан тыс жерлерде өмір сүретін халықтардың Анадолының құрылысы үшін жұмыс

істемегендіктері шындық. Анадолиядағы Кайсери мен Балқандағы Үскін қаласы арасында басқару, қызмет ағымы және қызметке орналасу тұрғысынан ешқандай айырмашылықтың жоқтығы байқалады. Өйткені қайда, не нәрсеге қандай мөлшерде қажеттілік туындаса қызмет бөлінісі де соған байланысты жасалған. Ал мемлекеттік қызметте “абырой” мен “адалдық” негізге алынған. Яғни Османлыға империя сипатының берілуі мен мемлекеттің осылай аталуы терминологиялық қателік және оның қолданылуы біздің ойымызша дұрыс емес.

Түрік мемлекетінің құрылымдық дәстүрі тарихтағы түрік мемлекеттерінде де болған және бүгінгі түрік мемлекеттері мен қауымдастықтарында да бар. Бұл дәстүр болашақта түрік саяси ұйымдарында да мекен мен мезгіліне сәйкес жалғаса береді. Өйткені түрік қауымымен біте қайнасқан аталмыш құндылықтардың жойылуы Түріктердің жойылуы деген сөз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Genç Reşat, Kaşgarlı Mahmuda Göre XI asırda Türk Dünyası, Ankara 1997.
2. Kafesoğlu İbrahim, Türk Milli Kültürü, 5 Baskı, İstanbul 1918.
3. Köprulu M.Fuad, Osmanlı İmparatorlugunun Kuruluşu, 1.Baskı, İstanbul.
4. Taneri Aydın, Türk Devlet Geleneği, İstanbul 1993.
5. Ögel Bahaeddin, Türklerde Devlet Anlayışı, Ankara 1992.
6. Simor Denis (Derleyen) Erken İç Asya Tarihi, İstanbul 2000.
7. Üzüncarşılı İ.Hakkı, Osmanlı İmparatorlugunun Etnik Menşey Meseleleri, Bülten 1993. Sayı 28, s.219-312.
8. Abdulkadir Yuvalı, Bahayeddin Özel, Kültür Bakanlığı Yayını, Ankara 1993.
9. Abdulkadir Yuvalı, Osmanlıdan Cümhuriyeti, Kayseri 1999